

Сарыөзек ауылдық округіндегі көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Сарыөзек ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 5084 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының қортындысы негізінде, Сарыөзек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осакаров ауданы Сарыөзек ауылдық округіндегі Сарыөзек ауылының көшелері келесідей:

- 1) Карла Маркс көшесі - Байтайлақ батыр көшесіне;
- 2) Карла Либкнехта көшесін - Нияз батыр көшесіне;
- 3) Октябрьская көшесі - Атақоныс көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Таран